

Мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану стратегиясы мен тактикасын, сондай-ақ оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 ақпанда № 16380 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 451-бабының 4-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану стратегиясы мен тактикасы, сондай-ақ оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 244 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10945 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 100 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану стратегиясы мен тактикасы, сондай-ақ оның жұмыс істеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 04.11.2019 № 1215 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану стратегиясы мен тактикасы, сондай-ақ оның қызмет ету қағидалары (бұдан әрі – Стратегия) 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 451-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Стратегияның мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарында тәуекелдерді басқару жүйесін іске асырудың және одан әрі жетілдірудің, басқарудың бірыңғай тәсілдерін белгілеу болып табылады.

3. Стратегия санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, карантиндік, фитосанитариялық, радиациялық бақылау (қадағалау) саласындағы тәуекелдерді қоспағанда, тәуекелдерді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ТБЖ) жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

4. Осы Стратегияның мақсаттары үшін мынадай ұфым пайдаланылады:

1) тәуекел бейінін өзектендіру — тәуекел бейінінде қамтылған мәліметтерге өзгерістер енгізу не тәуекел бейінін жою.

2-тaraу. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолданудың стратегиясы

5. Мемлекеттік кірістер органдарында ТБЖ қолданудың стратегиясы мынадай негізгі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- 1) кедендік бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ету;
- 2) деңгейі жоғары тәуекел салаларына назарды шоғырландыру және мемлекеттік кірістер органдарының ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды қолдану қажеттілігі анықталмаған тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізуді жеделдету және оңайлату үшін жағдай жасау.

6. ТБЖ қолданудың стратегиясы мынадай негізгі қағидаттарды ескере отырып жүзеге асырылады:

1) кеден заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізетін тұлғалардың, сондай-ақ кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;

3) кедендейк бақылаудың барлық сатыларында ТБЖ бірыңғай қолдануды сақтау;

4) ТБЖ құқық бұзушылықтың алдын алуға және (немесе) құқық бұзушылықты анықтау және тәуекелді барынша азайту мақсатында кедендейк бақылау объектілерін тандауға бағытталуын қамтамасыз ету;

5) қолда бар ақпарат негізінде ТБЖ қалыптастыру;

6) құпия болып табылмайтын ақпараттың айқындығын және ашықтығын қамтамасыз ету;

7) ТБЖ жүйелілігін, құрылымдылығын қамтамасыз ету және тәуекел бейіндерін уақытылы өзектендіруді жүргізу;

8) субъектке бағытталған тәсілді қолдану мақсатында Кодекстің 452-бабы 2-тармағына сәйкес тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды саралап қолдану.

3-тaraу. Мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тактикасы, сондай-ақ оның жұмыс істеу тәртібі

7. ТБЖ қолдану тактикасы кедендейк бақылаудың барлық сатыларында тәуекелдерді басқару процесін іске асыруды қарастырады және Стратегияның 5-тармағында көзделген мақсаттарды ескере отырып, мемлекеттік кірістер органдарының тәуекелдері басқару бойынша қызметтін жоспарлауға және үйимдастыруға, сондай-ақ кедендейк операциялар мен кедендейк бақылау сатыларына байланысты тәуекелдерге ықпал етуді үйимдастыру үшін мемлекеттік кірістер органдарының ресурстарын оңтайлы бөлуге негізделеді.

8. Мемлекеттік кірістер органдары ТБЖ тауарларды, халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын, кедендейк бақылауға жататын құжаттар мен адамдарды, сондай-ақ оларға қолданылатын тәуекелдерді барынша азайту шараларын және кедендейк бақылауды жүргізу дәрежесін айқындау үшін қолданады.

9. Кедендейк бақылау кезінде ТБЖ қолдану екі бағытта: тауарлар шығарылғанға дейін және тауарлар шығарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

10. Кедендейк бақылауды жүргізу кезінде ТБЖ жұмыс істеу тәртібі Кодекстің 452-бабы 1-тармағында көрсетілген тәуекелдерді басқару процесіне негізделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК